



БҰЙРЫҚ

29.04.2025ж

Ақмол ауылы

ПРИКАЗ

№

219

село Ақмол

**«Орта білім беру ұйымдарында
2024 – 2025 оқу жылының басталу
және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы»
Целиноград ауданының білім бөлімі
басшысының 2024 жылғы 27 тамыздағы
№ 343 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

«Орта білім беру ұйымдарында 2024 – 2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2024 жылғы 10 шілдегі №174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2025 жылғы 24 сәуірдегі №82 бұйрығының негізінде және Ақмола облысының білім басқармасы 2025 жылғы 28 сәуірдегі №191 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Орта білім беру ұйымдарында 2024 – 2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Целиноград ауданы білім бөлімінің 2024 жылғы 27 тамыздағы № 343 мынадай өзгерістер енгізілсін
2 және 3 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын;
2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 (10) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;
11 (12) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.
3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 (10) – сынып оқушылары үшін:
1) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;
11 (12) – сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан 16 маусым аралығында.

- 2) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;
 - 3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;
 - 4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;
- 11 (12) – сынып оқушылары үшін:
- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;
 - 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 4 маусым;
 - 3) Қазақ тілі/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;
 - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;
 - 5) Орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы М.Бурханшинаға жүктелсін.

Басшының м.а.



А. Елеуова